

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2021 жылғы 8 желтоқсанда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары
Ә. А. Смайыловқа

ДЕПУТТАТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы !

Қазақстан халқының банктер алдындағы берешегі күн санап артып бара жатыр. Бұл тұста тұтынушылардың несиесі туралы айтып отырмыз.

Қазіргі уақытта, халықтың 27 пайызы – банктердің алдында борышкер. Бүгінде ел тұрғындарының ипотекалық несие бойынша берешегі 2,716 трлн. теңгеге жетіпті. Оның ішінде тұтынушылық мақсаттарға алынған несие – 5,19 трлн. теңге болса, мерзімі өткен берешек 199 млрд. теңгені құрап отыр. Халықтың несие алу көрсеткішінің де, төленбей, мерзімі өткен несие көлемінің де артып бара жатқаны айдан анық.

Елімізде заңды тұлғалардың банкроттығы туралы заң бұрыннан жұмыс істеп келеді. Бірақ жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жоқ.

«Ақ жол» партиясы депутаттарының жар құлағы жерге тимей бұған дейін де «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңның жобасы керек деп жүргеніне он шақты жыл болды. Бұл бастаманы сол кезде Қаржы министрлігі іліп әкеткенімен, осы күнге дейін үнсіз қалып отыр, Үкіметтен де қолдау таппай отырмыз. Ал халық қарызға белшесінен батып барады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң өзінің өміршендігін дәлелдеді. Біздің қоғамымызға да аталмыш заңның қажеттілігі өткір болып тұр.

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің өркендеуіне өз үлесімізді қосамыз деп, жалғыз пәтерін кепілдікке қойып, несие алып, өз істерін бастаған азаматтардың қазіргі таңда 90 пайызы несиені қайтара алмай банкрот болды. Бұл жағдай әсіресе, валютамен несие алғандарға тиесілі.

Өйткені 28 жылда өзіміздің ұлттық валютамыз ондаған есе арзандап, банктердің тілімен айтқанда, жүздеген пайызға құнсызданды. Бұған қандай кәсіпкер төтеп бере алады!?

Банктер кепілдікке қойылған мүлікті өздерінің ұнаған бағаларына сатып, қалған ақшаны борышкердің мойнына іліп қояды. Екінші дәрежедегі банктер Ұлттық Банктің алдында провизия төлемес үшін, бұл қарыздарды өздерінің банктік жүйесінен шығарып, коллекторлық компанияларға төмен бағамен сатады.

Банктер мен микрокредиттік ұйымдар халыққа несие беріп, көмек қолын созады, ал ол ақшаны қайтару кезінде түсіністікпен қарамайды. Бұл тұста банктер ел алдында өз беделін сақтап, сүттен ақ судан таза күйінде қалады да, халықтан соңғы тиынын сыпырып алуды коллекторларға беріп қояды.

Федор Андреевич Щербин өзінің «Киргизская народность в местах крестьянских поселений» атты жазбасында қазақтар туралы «мұндай бауырмал халық әлемде некен-саяқ кездеседі» деп, анықтама берген. Сол бауырмалдылық қайда?

Ал, коллекторлықтың қылықтары баршаға мәлім. Қазіргі таңда олар - жанашырлық, қамқорлық білдіретін құндылықтарымыздан жұрдай, қарақшыдан да сорақы болып барады. Қарақшының өзі соңғысын тартып алмаған. Ал олар әлеуметтік көмек пен зейнетақыға да қол сұғып отыр.

Қарызға батып немесе аяқ астынан еңбекке жарамсыз болып қалуының, не қандай да бір оқыс оқиғаның салдарынан қаржылық қиындыққа тірелген азаматтарды, дәл қазіргі кезде жұмыс жасап жатқан жүйе бойынша, сот орындаушылары іздеу салып мазалауда. Онсыз да күйзелісте жүрген адамды, қоғамның қысымына шыдай алмайтын жағдайға жеткізеді. Сонда ол азамат қалай өмір сүрмек? Тек оған - шарасыздықтан өз-өзіне қол жұмсау ғана қалады. Бұл – ащы болса да шындық.

Кеше ғана мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында әзірленген «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бізде қолдау тапты.

Бұл заң жобасы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты қылмысты атқару мекемелеріндегі және пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарды жазалаудан және қылмыстық жауаптылықтан босатуға, санын азайтуға, жазаның өтелмеген бөлігін қысқартуға бағытталған. Яғни, қылмыс жасап сотталған адамдарға рақымшылық жасауға бағытталған.

Ал енді, қылмыс жасап сотталғандарға рақымшылық жасап отырған мемлекет - аяқ астынан еңбекке жарамсыз болып қалуынан, қандай да бір оқыс оқиғаға ұшырауының салдарынан қаржылық қиындыққа тіреліп отырған азаматтарымызға неге қамқорлық жасамасқа!? Айтарым, қарызын төлей алмай, қан қақсап отырған жандар да – біздің қоғамымыздың бір бөлшегі ғой?

Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылдамадық, ең болмағанда неге оларға да рақымшылық жасамаймыз!?

Мемлекеттік органдар бір нәрсені түсінуі керек. Егер осындай жүйелі проблеманы, соған сай жүйелі жолмен шешпесек, яғни, аталмыш Заңды қабылдасақ, қиын жағдайға ұшырағандар тарапынан мұндай несиелі амнистия туралы талаптар жыл сайын көтеріліп, күшейе береді.

Осыған байланысты, құрметті Әлихан Асханұлы!

Ақ жол партиясының депутаттары:

- Парламенттің қарауына «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңның жобасын тездетіп дайындап, енгізуді;

- аяқ астынан еңбекке жарамсыз болып қалуынан не қандай да бір оқыс оқиғаға ұшырауының салдарынан қаржылық қиындыққа тіреліп отырған азаматтарымызға Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасауды;

- «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» жаңа заң қабылданғанша, коллекторлық компанияларды, яғни «заңдастырылған рәкеттік компанияларды» тізгіндеуді сұраймыз.

Қорыта айтқанда, халқымның қарызға өмір сүрмеуіне шамалы болса да үлесімізді қосуға мүмкіндік беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен, «Ақ жол» ҚДП
фракциясының депутаттары**

**А. Әбілдаев
А. Перуашев
Е. Барлыбаев
Б. Дүйсенбинов
Е. Ерубасев
Д. Еспаева
А. Жұмабаева
Қ. Иса
А. Линник
Е. Өмірғали
М. Раманкұлов
Ғ. Хамзин**

Орынд: Ә. Юсупова
Тел. 746741